



Жамбыл ауданы әкімінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №01 "Сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 561 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 қарашада № 4795 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабына сәйкес Жамбыл ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауданы әкімінің "Сайлау учаскелерін құру туралы" 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 01 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4031 болып тіркелген, 2019 жылғы 25 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

Жамбыл ауданы әкімінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №01 шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің аппарат басшысы Жомарт Тешебайұлы Телеуовке жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданының әкімі

С. Арубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облыстық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы

С.Айдапкелов

" " _____ 2020 жыл

Жамбыл ауданы әкімінің
2020 жылғы 6 қарашадағы
№ 561 шешіміне қосымша

Жамбыл ауданы аумағындағы сайлау учаскелері

№148 сайлау учаскесі

Шекарасы: Жасөркен ауылы.

№149 сайлау учаскесі

Шекарасы: Қызылқайнар ауылы.

№150 сайлау учаскесі

Шекарасы: Гродиково ауылының Арна, Сардар, Жамбыл, Гагарин, Ақбұлақ, Көкөзек, Қ.Егізбаев, Тұран, Мұзтау, Арал, Ақсай, Еділ, Арыс, Ертіс, Тобыл, Ақсу көшелері.

№151 сайлау учаскесі

Шекарасы: Қызылдихан ауылы.

№152 сайлау учаскесі

Шекарасы: Жалпақтөбе ауылының Жалпақтөбе көшесінің №1а-159 (тақ жағы), №2-216 (жүп жағы) үйлері, Нұрлыжол көшесінің №1-143 (тақ жағы), №2-112 (жүп жағы) үйлері, Талас, Тараз, Жікіл, Ш.Қалдаяқов, М.Әуезов, Х.Сулейманов, Д.Қонаев, Ақыртас, Қарой көшелері.

№153 сайлау учаскесі

Шекарасы: Жалпақтөбе ауылының Жалпақтөбе көшесінің №161-357 (тақ жағы), №218-430 (жүп жағы) үйлері, Нұрлыжол көшесінің №145-265/1 (тақ жағы), №114-228/2 (жүп жағы) үйлері, Д.Абдуллаев, К.Мусин, М.Аширов, Б.Момышұлы, Ма-Да-Жын, Б.Абдуллаев, М.Месир, Т.Рысқұлов, Болашақ, Ю.Каримов, К.Кутумова, А.Байтленов, Л.Цхай, Э.Эрбуду, К.Избасарова, Ақбұлақ, М.Джамалов, Ш.Госунфу, Ш.Алимбаев көшелері.

№154 сайлау учаскесі

Шекарасы: Ақбұлым ауылы.

№155 сайлау учаскесі

Шекарасы: Бесағаш ауылы.

№156 сайлау учаскесі

Шекарасы: Түркісіб ауылы.

№157 сайлау учаскесі

Шекарасы: Пригородное ауылының Абай, Б.Бекназаров, С.Мұқанов, Е.Келдігүлұлы, А.Шынәсілов, А.Иманов, Д.Әлімбетов, Д.Баянбаев, М.Мәметова, И.Бекбасаров, О.Тәттібаев, Мыңбұлақ, Арна, Т.Жайымбаев, Ш.Уәлиханов, Қарой, Ойлы, Набережная көшесінің бұрылысы, Абай көшесінің 1,2-бұрылыстары, 2-ші, 3-ші Абай көшелері, Б.Бекназаров көшесінің 1,2,3-бұрылыстары, Е.Келдігүлұлы көшесінің 1,2-бұрылыстары, Теректі, Ақсуат, С.Мұқанов көшесінің 1,2-бұрылыстары, Кемел ауылының Қырғыз, Сұлусаз, Байқоныс, Самал көшелері.

№158 сайлау учаскесі

Шекарасы: Пригородное ауылының Қ.Пірімқұлов, А.Қожамқұлов, Тау самалы, Рауан, Арай, Шапағат, Ақбұлақ, Тәуелсіздік, Ә.Үсіпбеков, Ә.Әйтиев, Эль-Фараби, Ә.Жангелдин, Алматы, Б.Момышұлы, Жамбыл, К.Әзірбаев, Жігер, Құрманғазы, Береке

, Бастау, М.Серімов, М.Әуезов, Өркен, Қазына, Ы.Алтынсарин көшелері, А.Қожамқұлов көшесінің 1,2,3,4-бұрылыстары, К.Әзірбаев көшесінің бұрылысы, Сұңқар, Мерей, Қайнар, көшелері.

№159 сайлау учаскесі

Шекарасы: Айшабибі ауылы.

№160 сайлау учаскесі

Шекарасы: Әуликөл ауылы.

№161 сайлау учаскесі

Шекарасы: Қаратау ауылы.

№162 сайлау учаскесі

Шекарасы: Бектөбе, Қызылшарық, Бәйтерек ауылдары.

№163 сайлау учаскесі

Шекарасы: Шайқорық, Танты ауылдары.

№164 сайлау учаскесі

Шекарасы: Бесжылдық ауылы.

№165 сайлау учаскесі

Шекарасы: Қоңыртөбе, Қапал ауылдары, Шайқорық станциясы.

№166 сайлау учаскесі

Шекарасы: Аса ауылының Абай көшесінің №1-87 (тақ жағы), №2-34 (жұп жағы) үйлері, Төле би көшесінің №1-101 (тақ жағы), №2-78 (жұп жағы) үйлері, Ә.Бегманов, Жамбыл, Ү.Мырхалықов, С.Махашев, Гагарин, Б.Қилыбаев, Қаратау, Ә.Молдағұлова, М.Маметова көшелері, Көктерек, Гагарин көшелерінің бұрылыстары.

№167 сайлау учаскесі

Шекарасы: Аса ауылының Абай көшесінің №36-102 (жұп жағы), №89-209 (тақ жағы) үйлері, Төле би көшесінің №80-220 (жұп жағы), №103-217 (тақ жағы) үйлері, Жетітөбе, Б.Момышұлы, Т.Рысқұлов, К.Шманов, Түгелбай, Бірлік, А.Иманов, Қ.Жүнісов, Береке, Лашын, Достық, Ақсу, Жібек жолы көшелері, Абай көшесінің бұрылысы, Жетітөбе көшесінің бұрылыстары.

№168 сайлау учаскесі

Шекарасы: Рахат ауылы, Аса ауылының С.Сейфуллин, Алаш, Ш.Уалиханов, Д.Қонаев, Бәйтерек, М.Мақатаев, Төрткүл, Ақсай, Қараөзек, Ы.Алтынсарин, М.Әуезов, Ш.Қалдаяқов, Теміржол, Ғ.Мұратбаев, Желтоқсан, Тәуелсіздік, Көкой, Қайнар, Қойгелді, Ақжар, Самал, Көктем, Айдарлы көшелері, Қойгелді, Ы.Алтынсарин бұрылыстары, Пионер лагерь.

№169 сайлау учаскесі

Шекарасы: Бірлесу-Еңбек ауылы.

№170 сайлау учаскесі

Шекарасы: Шоқай ауылы.

№171 сайлау учаскесі

Шекарасы: Құмтиын ауылы.

№172 сайлау учаскесі

Шекарасы: Қаракемер ауылы, Сеңгірбай елді мекені.

№173 сайлау учаскесі

Шекарасы: Тастөбе, Көлқайнар ауылдары.

№174 сайлау учаскесі

Шекарасы: Еңбек ауылы, 27 жол айрығы.

№175 сайлау учаскесі

Шекарасы: Жамбыл, Қостөбе ауылдары.

№176 сайлау учаскесі

Шекарасы: Ащыбұлақ, Шайдана ауылдары, Көделі және Мойынқұм мал жайылымдары.

№177 сайлау учаскесі

Шекарасы: Өрнек ауылы, Жұма станциясы.

№178 сайлау учаскесі

Шекарасы: Ерназар ауылы.

№179 сайлау учаскесі

Шекарасы: Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат ауылдары.

№471 сайлау учаскесі

Шекарасы: Гродиково ауылының Ақжол, Б.Олжабаев, Талас, Жиделі, А.Костянкин, Ақдала көшелері.

№472 сайлау учаскесі

Шекарасы: Жалпақтөбе ауылының П.Юнусова, И.Сулейманов, К.Марасулов, Д.Жапаров, М.Масанчи, Юнчи, Достық, М.Бейсалиев, И.Мусаев, Бастау, М.Ванахун, Я.Шывазы, Береке, Бірлік, Шиелі, Мыңбұлақ көшелері, Жаңақұрылыс көшесінің 5, 6-бұрылыстары, Родниковая бұрылысы, И.Сулейманов көшесінің 1, 2, 3-бұрылыстары, Ақшолақ, Қыршынды учаскелері.